

Алма ДОСОВА

**Т. АХТАНОВ ПРОЗАСЫНЫҢ
СТИЛИСТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
МЕН ТАНЫМДЫҚ КӨРІНІСІ**

**Қостанай
2015**

ББК 81. 2 Каз
Д 64

АНОСОД АИЛА

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қаралып, баспаға ұсынылды.
Мәжіліс хаттамасы 24.04.2015 ж. № 5

Пікір жазғандар:

Шалабай Б., филология ғылымдарының докторы, профессор
Жүнісбек Ә., филология ғылымдарының докторы, профессор
Әбсадықов А., филология ғылымдарының докторы, профессор

Досова А.Т.

Д 64 Т. Ахтанов прозасының стилистикалық ерекшеліктері мен
танымдық көрінісі. – Қостанай: «Қостанай баспа үйі», 2015. -188
бет

ISBN 9965-757-58-5

Монографияда Т.Ахтанов шығармалары алғаш рет
стилистикалық тұрғыдан қарастырылып, жазушы шығармаларының
лексикалық қабаты анықталған. Жазушы шығармаларында
қолданылған көріктеу құралдарының (тенеу, эпитет, метонимия,
қайталау т.б.) стильдік қызметі, оларды қолданудағы жазушы
мақсаты айқындалып, жасалу жолдары көрсетілген. Т.Ахтанов
шығармаларының танымдық сипатын ашу мақсатында
дүниетанымдық бірліктер анықталып, жазушы шығармаларына
концептілік талдау жасалған.

Монография ғылыми қызметкерлерге, филолог мамандарды
даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ
ізденушілер, аспиранттар мен магистранттарға арналған.

ББК 81. 2 Каз

Д 4602020100
00(05)-08

ISBN 9965-757-58-5

©Досова А.Т. Қостанай, 2015
© «Қостанай баспа үйі» баспасы, 2015

Кіріспе

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі дамуының
стратегиялық бағдарламасы және «Мәдени мұра»
бағдарламаларында көрсетілгендей жекелеген ақын-жазушылардың
шығармаларын ғылыми айналымға түсіру — заман талабынан
туған сұраныс. Жазушының тілі, өзіндік стилі — сол дәуірдегі
көркем әдебиетке тән тәсілдерді өзінің эстетикалық талғамына сай
өзінше пайдаланып дамыту жүйесі. Жазушының өзіндік стиль
проблемасы — ең алдымен әдеби шеберліктің, ұлттық көркем
әдебиеттің проблемасы. Сондықтан әдеби тілдің даму жолдарын,
қалыптасу үрдісін жете түсіну үшін жеке жазушылардың
шығармасының тілін зерттеп, олардың сөздерді сұрыптап қолдану
тәсілдерін, жалпыхалықтық тілдік құралды қалай менгергендігін
анықтаудың және әдеби тіл үлгісін байыту мақсатында тыңнан
қосқан жаңа сөз үлгісін айқындап, жан-жақты талдау жасап
көрсетудің мәні зор. Демек, әр қаламгердің шығармашылық
ізденісі, тілдің түрліше қолданыс ерекшеліктерін айқындауға
септігін тигізеді.

Көркем туынды жасау үшін сөз майталмандары
жалпыхалықтық тіл қорының байлығын сарқа қолданып қана
қоймай, әдеби тіл нормаларын сақтап, сөзді шебер пайдалана білуі
тиіс. Өйткені тіл — ұлттың айнасы. Тілден ұлттың шынайы
болмысы көрінеді. Көркем шығармада тіл арқылы ұлттың болмысы
жасалады. Жалпыхалықтық тілді жаңарту, байыту, жаңа қырынан
қолдану — әр жазушының жеке шығармашылық жемісі. Тиесілі
сөзді тетігін тауып пайдалану сөз өрнегін келісті сала білген
жазушының шеберлігін танытады. Кез келген көркем туындының
көркі, шұрайы оның тілінен көрінеді, тілі арқылы бағаланады.
Яғни көркем шығарма тіл байлығын көрсетіп қана қоймайды,
сонымен қатар тілді дамытатын, байытатын негізгі арналардың
қатарына жатады. Көркем әдебиет тілін тілдік қолданыстың
ерекше бір арнасы деп танысақ, ондағы (шығарма тіліндегі) жаңа
қолданыстар мен әдеби норма, ол нормадан уәжді, уәжсіз
ауытқулар, оның себебі сияқты мәселелерге талдау жасап, саралап
отыратын лингвостилистикалық зерттеулердің қажеті сөзсіз.

Бүгінгі таңда тіл білімінде жазушы шығармаларының тілдік табиғатын толық тану үшін жазушы шеберлігін бір ғана стилистикалық тұрғыдан ғана емес, танымдық тұрғыдан да зерттеу қажеттігі қойылып отыр. Осымен байланысты тіл білімінде дәстүрлі лингвистика жетістіктерін пайдалана отырып, тіл ғылымының когнитивтік лингвистика саласы қалыптасты. Когнитивтік лингвистика көркем мәтінді жан-жақты қарастыруда ерекше мәнге ие. Көркем шығарма тілін таза стилистикалық тұрғыдан қарастыру жазушы шеберлігін қаламгерлік тұрғысынан танытатын зерттеу бағыты десек те, оның жеке дүниетанымын, жазушы болмысын, оның қоғамдағы рөлін, сонымен қатар жазушы өмір сүрген ортаның дүниетанымын, мәдениетін, тарихын т.б. типтік белгілерін айқындайтын бағыт – когнитивтік бағыт болып табылады. Когнитивтік тіл білімі адамның танымдық әрекеті мен тілдің өзара қатынасын зерттеуде ерекше қызметке ие.

Тілдік құралдарды қолдану барысында қалыптасқан белгілі бір заңдылықтар мен қағидалардың өзгеріп, жаңаша сипат алуы заңды құбылыс саналады. Тілдегі өзгерістердің болуы мен оның даму үрдісін белгілейтін де, соған тікелей қатысатын да, көркем шығармадағы сөз қолданыстары арқылы әдеби тілді жаңа белеске көтеретін де сөз зергерлері. Ендеше проза тіліндегі тілдік қолданыстарының қыр-сырын жан-жақты қарастыру нәтижесінде жазушының өзіндік көркем тілдік қолданыстары мен тіл жұмсау шеберлігі айқындалады. Яғни көркем проза тілін зерттеу барысында жазушының суреткерлік шеберлігіне және тілдік құралдардың мүмкіндігін қаншалықты пайдаланғандығына талдау жасалады. Осы орайда зерттеу нысанына Т.Ахтанов прозасының (романдарының) тілі алынды. Өйткені, **біріншіден**, қазақ әдебиетінің классигі, жазушы-драматург Т.Ахтановтың шығармашылық лабораториясы біраз зерттеу жұмысына өзек болғанымен, лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдауға түскен жоқ. Т.Ахтанов романдарында қолданылған тілдік құралдар тек лексика-грамматикалық, стильдік ерекшеліктер тұрғысынан ғана емес, танымдық қырынан да қарастырылуы зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді. **Екіншіден**, романдар тіліне жүргізілген стилистикалық талдау шығарманың эстетикалық табиғатын, көркемдік жағын терең тануға көмектеседі.

Т.Ахтанов прозасының стилистикалық ерекшеліктері мен танымдық көрінісін айқындау зерттеудің мақсатын көрсетеді.

Зерттеудің көрсетілген мақсатына орай, мынадай міндеттер қойылды:

- лингвостилистикалық зерттеулерге шолу жасау;
- Т.Ахтанов шығармаларының лексикалық қорын анықтау;
- жазушы шығармаларында қолданылған көріктеу құралдарының стильдік ерекшеліктерін айқындау;
- Т.Ахтанов шығармаларының танымдық жүйесін анықтау;
- жазушы шығармаларындағы ұлттық дүниетанымының тілдік көрінісіне сипаттама беру;
- Т.Ахтанов шығармаларының тіліне концептілік талдау жасау т.б.

Зерттеудің әдіснамалық негіздерін тіл біліміндегі лексика-грамматикалық жүйені тануға байланысты, лингвостилистика саласына байланысты, когнитивтік лингвистика, поэтикалық тіл ерекшеліктерін тануға байланысты А.Байтұрсынұлының, В.Виноградов, М.Әуезовтің, С.Аманжоловтың, Н.Сауранбаевтың, Қ.Жұбановтың, Қ.Жұмалиевтің, І.Кеңесбаевтың, М.Балақаевтың, Р.Сыздықтың, Қ.Өмірәлиевтің, Ғ.Мұсабаевтың, К.Ахановтың, Ө.Қайдаровтың, Е.Жанпейісовтің, Ғ.Қалиевтің, Б.Хасановтың, Б.Шалабайдың, Х.Кәрімовтің, С.Исаевтың, М.Серғалиевтің, Қ.Жаманбаеваның, Ғ.Қосымованың, В.Постовалованың т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен монографиялары құрайды.

Т.Ахтанов шығармалары негізінде қарастырылған, зерттеу барысында алынған нәтижелер мен тұжырымдар көркем әдебиет стилистикасы және когнитивтік лингвистика теориясын толықтыруға өзіндік үлес қосады.

Т.Ахтанов прозасы тілінің стилистикалық ерекшеліктері мен танымдық жүйесін зерттеу – қазақ әдеби тілінің даму дәрежесін саралап, жаңа салаға мол материал беретін өзекті тақырыптардың бірі. Бүгінде мемлекеттік тіл мәртебесін алып отырған қазақ тілінің арналарын кеңейтіп, жаңа көзқарастар тұрғысынан танылатын осындай зерттеу жұмыстары мен нысандарын молайту мемлекеттік сұраныстан туындайды. Т.Ахтанов прозасының тіліне жүргізілген стильдік, концептілік талдаулар жазушының тамыры тереңге кеткен бәйтерек - сөз зергері екендігін дәлелдей түседі.

1 Т.Ахтанов прозасының стилистикалық ерекшеліктері

1.1 Көркем прозаның лингвостилистикалық тұрғыдан зерттелуі

Көркем шығарманың тілі – күрделі, қыр-сыры мол құбылыс. Тіл – стильдің жаны. Әр жазушының өзіндік қалыптасқан стильдік мақамы болады. Кез келген құрылысқа материал қажет десек, көркем туындының материалы сөз болып табылады.

“Тілі нашар шығарма ешқашан жақсы шығарма болған емес және бола алмайды. Демек, сөз өнерінде тілдің атқарар қызметі бөрінен ерекше, бөлек һәм биік” [1, 185]. Ендеше көркем шығарманың тілін зерттеп, талдауда да қабылданған ереже, өзгертілмес қағида, қалыптасқан бірізді үрдіс жоқ.

Көркем әдебиет стилистикасы қазақ филологиясында бүгінгі таңда қалыптасып, орнығып болды деп айтуға болады. Зерттеушілердің көпшілігі көркем әдебиет стилистикасын әдебиеттану мен лингвистика ғылымдарының аралығындағы жаңа ғылыми сала деп көрсетіп жүр. Шеберлік, көркемдік туралы айтқанда да, әдеби тіл проблемасы көтерілгенде де көркем шығарма тіліне тоқталмай өту мүмкін емес. Өйткені, көркем шығарма тілінен жазушының идеясы, дүниеге көзқарасы көрінеді. Басқалай айтар болсақ, шығарманың идеясы, кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері, әлеуметтік сипаты, өмір сүрген ортасы мен кезеңі олардың сөйлеген сөзіне жүргізілген талдау мен оларға (кейіпкер) жасалған сипаттама арқылы ашылады. Яғни әдебиет тұрғысынан қарастырғанда, поэтикалық тілдің көріктеуіш-бейнелеуіш құралдары мен олардың көркем дүниенің мазмұнын ашудағы қызметі сараланса, лингвистикалық жағынан осы көріктеуіш амалдарды жасауға қатысқан тілдік бірліктердің ішкі мағыналық потенциалы, сыры басты нысанға алынады да, шығармада эстетикалық қызмет атқаратын тілге талдау жүргізу арқылы автордың жалпыхалықтық тілдің баюына қосқан үлесі анықталады.

Шығарманың көркемдік, өзіндік бітім-болмысын айқындауда жазушы қолданған тілдік құралдың әрқайсысының орны ерекше.

Көркем шығарма тілінде кез келген тілдік құрал орынсыз қолданылмайды. Ондағы синтаксистік құрылымдар мен лексемалар, фразеологизмдер, жекелеген дыбыстар – бәрі де көркемдік идеяға қызмет етуге тартылған “желілер” қатарынан орын алады. Әр сөз зергерінің өзіне тән стилі, өзіндік сөз саптау мәнері, ой-толғау әдістері болады. Жазушының қолындағы қуатты қаруы – тіл, шұрайлы сөз десек, ол сөз халықтың тіл байлығы болып табылады. Ал көркем туынды авторының шеберлігі айтар ойын – идеяны бейнелі, мәнерлі, айқын жеткізуінде жалпыхалықтық тіл байлығынан қажетті деген тілдік құралдарды сәтті таңдап алып, керегіне жарата білуінен көрінеді. Тілдік құралдардың стильдік жүк арқалау мүмкіндігінің дәрежесі мәтіннен, оның қолданысынан айқын аңғарылады. Әр сөздің күдіретін дұрыс танып, оған көркемдеуші қызмет арту қаламгердің шеберлігіне байланысты. Әр функционалды стильдің өзіндік ерекше стильдік қабаты болады десек, көркем шығарма – дыбыстан мәтінге дейінгі аралықтан орын алатын тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдауға, көркем құралдардың лингвопоэтикалық қызметін анықтауға жағдай туғызатын бірден бір орта.

Көркем шығарма тілі тілдік қолданыстың ерекше бір саласын құрайды. Көркем әдебиеттегі тілдің қолданысын, қандай қызмет атқарып тұрғандығын, тілдік қолданыстың өзгеріске түсуі мен оның себептерін ашып беретін лингвостилистикалық зерттеулер болып табылады. Көркем шығарма тілінің арқауын әдеби тіл фактілер құрайтындығы белгілі. Ендеше тілдің даму процесінде болып жатқан барлық өзгерістердің одан көрініс тауып жатуы заңды нәрсе. Бұл тұрғыдан алғанда көркем мәтінге жүргізілген талдау әдеби тілдегі өзгерістерді айқындап, әдеби тілдің даму бағытын белгілеуге септігін тигізеді. Бірақ көркем шығарма әдеби тілде жазылғанымен көркем шығарма тілі мен әдеби тіл арасында ерекшеліктердің болатындығын ескерген жөн. Мәселен, күнделікті қарым-қатынас жасау қажетін өтейтін әдеби тіл көркем шығармада басқа қырынан танылады. Көркем шығармада әдеби тіл бейнелі құрал ретінде жұмсалып, сол арқылы оқушы сезіміне әсер ететін эстетикалық қызмет атқарады. Мәселен, әдеби тілде

Қорытынды

Шығарманың көркемдік, өзіндік бітім-болмысын айқындауда жазушы қолданған тілдік құралдың әрқайсысының орны ерекше. Көркем шығарма тілінде кез келген тілдік құрал орынсыз қолданылмайды. Ондағы синтаксистік құрылымдар мен лексемалар, фразеологизмдер, жекелеген дыбыстар – бәрі де көркемдік идеяға қызмет етуге тартылған “желілер” қатарынан орын алады. Көркем шығарма тілі тілдік қолданыстың ерекше бір саласын құрайды. Көркем әдебиеттегі тілдің қолданысын, қандай қызмет атқарып тұрғандығын, тілдік қолданыстың өзгеріске түсуі мен оның себептерін ашып беретін лингвостилистикалық зерттеулер болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі арқауы ретінде біз Т.Ахтановтың “үлкен үшеуін” аламыз. “Үлкен үшеу” Т.Ахтановтың шығармаларының ішіндегі шоқтығы биігі ғана емес, көтерген тақырыбы мен көркемдік шеберлігі жағынан да кесек туындылар болып табылады.

Тіл – қоғамдағы қарым-қатынас құралы болумен қатар, ұлттың өмірінен, оның тарихы мен мәдениетінен, менталитетінен ақпарат беретін әрі қоғамды дамытушы күш ретінде қызмет атқарады. Бұл тұрғыдан келгенде көркем шығарма тілінде қолданылған **кірме сөздер** арнайы мақсатта жұмсалып, екінші халықтың жағрафиялық, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық жағдайынан мәліметтер беру қызметін атқарады.

Т.Ахтановтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі адамдардың тағдырын суреттеуге арналған “Шырағың сөнбесін”, “Қаһарлы күндер” романдарында орыс сөздері өте көп ұшырасады. Жазушы орыс сөздерін автор баяндауында да, кейіпкер тілінде де пайдаланады. Оларды шартты түрде екіге топтауға болады: *орыс сөздерінің “бұрмаланып” берілуі; орыс сөздерінің бастапқы түбір қалпын сақтап қолданылуы.*

Жазушы шығармаларына жүргізілген статистикалық талдау алғашқы топтағы, яғни автор мен кейіпкер тілі баяндауындағы “бұрмаланып” берілген сөздер екінші топқа қарағанда аз кездесетінін байқатты. Т.Ахтанов шығармаларында орыс тілі

сөздерінің бұрмаланып берілуі жекелеген кейіпкерлердің тілінде, кейіпкер жасына, дәрежесіне, ұлтына түрлі қасиеттеріне сәйкес сенімді берілген.

Жазушы ұрыс-соғысты суреттеуге қажет сол кездегі қару-жарақ атаулары мен әскери иерархияны көрсететін атауларды – қысқасы, **әскери лексиканы** мүмкіндігінше шындыққа сай беруге ұмтылған.

Т.Ахтанов прозасындағы *председатель, семья, документ, образ, каникул* т.б. сөздердің қазақ тіліндегі баламасы Қазақстанның тәуелсіздік алуынан кейін пайда болды. Т.Ахтанов орыс адамдарымен арадағы диалогты қазақша, орысша аралас беріп отырады. Т.Ахтанов шығармаларында ұшырасатын өзге тіл элементтерінің қатарына *татар, неміс, украин* сөздері де жатады.

Т.Ахтанов шығармаларында ауызекі сөйлеу тілінің элементтері де қолданылған.

Т.Ахтанов романдарында ұшырасатын **көнерген сөздер**: қару-жараққа байланысты; киім-кешек, әшекей заттарға байланысты; әкімшілік, ел басқаруға байланысты; салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты; көлікке қатысты көне атаулар болып келеді. Бірақ олар өте сирек ұшырасады. Т.Ахтанов көркем прозасындағы көнерген сөздер біріншіден, жазушы суреттеп отырған дәуірдің тұрмыс-тіршілігін дәл, нақты көрсеткен, екіншіден, жазушы шығармалары тілінің лексика-семантикалық қабаттарын байытқан, үшіншіден, көнерген сөздер зат есімнен жасалып, шығармаға эмоционалдық-экспрессивтік реңк үстей алған. Жазушы шығармаларында көнерген сөздер қазақ тілінің байырғы сөздерін жаңғырту, қолданысқа енгізу, сөздік қорды байыту мақсатында алынған.

Т.Ахтановтың “Қаһарлы күндер” романында мынадай фонетикалық ерекшеліктермен келген сөздер кездеседі: Б/П; Д/М; Н/Ң; Е/І; О/І; Ы/І; А/О; Қ/М алмасулары. Қазақ говорларында кездесетін сөз құрамындағы дыбыстардың түсіріліп айтылуы немесе керісінше дыбыстардың қатыстырылып айтылуы Т.Ахтанов романдарында да ұшырасады. Т.Ахтанов романдарында ұшырасатын **диалектизмдер**: *шарқат; далаң; сәкі; ақ көздік; боз; бұдыр; жел буаз; жүлге; гәп; жәмке; терте; әйдік; керім; агаден; көнек; көнбісті; ерек; адақтау* т.б.

- 117 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Русские словари, 1996.– 416с.
- 118 Никитин М.В. Лексическое значение в слове и словосочетании. – Владимир: ВПИ, 1974.– 224 с.
- 119 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка //Известия РАН. Серия лит. и яз.– 1993.–Т.52.– №1. – С. 3-9.
- 120 Рябцева Н.К. “Вопрос”: прототипическое значение концепта //Логический анализ языка: Культурные концепты: сб. статей. – М.: Наука, 1991.– 203 с.
- 121 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. – М.: Академический проект, 2001.–990 с.
- 122 Нелюбин Л.Л. Толковый переводоведческий словарь. – М.: Флинта: Наука, 2003.–320 с.
- 123 Дворецкий И.Х. Латинско-русский словарь.– Москва: Русский язык, 1976.–1096 с.
- 124 Күштаева Т.М. “Тары” концептісінің семантикалық құрылым мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы: Тіл білімі институты, 2002.– 192 б.
- 125 Колесов В.В. Концепт культуры: образ-понятие-символ // Вестник С-Петербургского ун-та, 1992. Серия 2, вып. 3.– С. 30- 40
- 126 Постовалова В.И. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216с.
- 127 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті.– Алматы: Мектеп, 1984.– 120 б.
- 128 Жаманбаева Қ. Тілдік қолданыстың когнитивтік негіздері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140б.
- 129 Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің “Қазақ солдаты” романы бойынша): филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.10.03. – Алматы: Тіл білімі институты, 2003.– 27 б.
- 130 Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол. ғыл. канд. ... автореф.:19.09.03. – Алматы: Тіл білімі институты, 2003. –28 б.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Т.Ахтанов прозасының стилистикалық ерекшеліктері	6
1.1 Көркем прозаның линггостилистикалық тұрғыдан зерттелуі.....	6
1.2 Т.Ахтанов лексикасының стилистикалық ерекшеліктері.....	14
1.2.1 Т.Ахтанов прозасындағы кірме сөздер, көнерген сөздер аймақтық лексика.....	14
1.2.2 Т.Ахтанов прозасындағы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қолданылуы.....	43
1.3 Т.Ахтанов прозасында қолданылған көріктеу тәсілдерінің стильдік қызметі.....	55
2 Т.Ахтанов прозасы тілінің танымдық көрінісі	101
2.1 Т.Ахтанов романдарындағы ұлттық дүниетанымның берілу жолдары.....	101
2.2 Т.Ахтанов шығармаларының концептуалды негізі.....	122
Қорытынды	172
Сілтеме жасалған дереккөздері	178
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	178